

**PhD докторантты Ахметова Жадыра Камбылқызының «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған «Жүкті әйелдерді босануға дайындау кезіндегі мультидисциплинарлы тәсілді бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми көңесшінің**

**ПІКІРІ**

Ахметова Жадыра Камбылқызы 2014 жылы акушерия және гинекология мамандығы бойынша резидентураны үздік бітіріп, Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің акушерия және гинекология кафедрасында еңбек жолын бастаған. Кафедрада жұмыс атқара отырып, ғылыми жұмыстармен айналысып, аз уақыттың ішінде өзінің зеректілігімен, алғырлығымен алдыңғы қатарлы маман иесі атанды. Өзінің жеке бастамасымен жыл сайын ұйымдастырылатын «Заманауи акушерия және гинекология, резидент дәрігерлердің қөзқарасымен» атты Халықаралық ғылыми-зерттеу конференциясы дәстүрлі түрде өткізіліп отырылды. Өзінен кейінгі жас мамандарға ғылыми мақалаларды жазуды үйретіп, бірнеше ғылыми жұмыстар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми жарияланымдар тізіміне енгізілген журналдарда жарық көрді.

2015-2017жж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университетінде «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша магистратура деңгейін толық игеріп, денсаулық сақтау саласының магистрі атанған. 2017-2020жж. Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университетінің докторантурасында білімін жетілдіріп, ғылыми жұмысын жоспарға сәйкес мерзімінде игере білді. Ж.К.Ахметованың диссертациялық жұмысы- мамандар тобының қызметі негізінде жүкті әйелдерді босануға дайындауды оңтайландыру бойынша ұсыныстарды әзірлеуге және жүкті әйелдерге медициналық көмек көрсетуді жаксартуға интегративті тәсілдеменің негізdemесіне арналған.

Докторант ғылыми жұмыстың қойылған міндеттерін шешу үшін статистикалық, сараптамалық, әлеуметтанулық, эксперименттік әдістерді, сонымен қатар медициналық құжаттардан деректерді көшіруді қамтитын кешенді әдістемені толық игерген.

Зерттеудің әрбір бағыты бойынша бағдарламалар мен жұмыс жоспарлары жасалды, әдістер мен статистикалық құралдар әзірленді, медициналық жазбалардан деректер көшірілді, шифрлау, статистикалық еңдеу және ақпараттық материалдарды топтау жүзеге асырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы отандық ғылымда алғаш рет медициналық-әлеуметтанулық зерттеулер негізінде акушер-гинеколог пен акушерлік жүйенің басқа агенттері арасындағы қарым-қатынастың рөлі мен ерекшеліктерін ашып

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ**  
**МЕДИЦИНА ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ФАКУЛЬТЕТИ**  
**КЛИНИКАЛЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫ**

көрсетуінде. Осы саладағы қақтығыстардың алдын алу және шешу жолдары бойынша ұсыныстар әзірленді.

Ғылыми әдебиеттерді талдау негізінде диссертацияда бала туу жасындағы әйелдердің репродуктивті мінез-құлқының қалыптасуына талдау жасалып, жүкті әйелдер мен босанатын әйелдерге медициналық көмек көрсетудің институционализация формалары түсіндірілді. Жұмыста жүктілігі туралы акушер-гинекологқа жүгінген әйелдің медициналық-әлеуметтік портреті ұсынылған және акушерлік жүйеде дербестендірілген медицина әдістерін қолдану перспективалары көрсетілген.

Акушерлік жүйедегі акушер-гинекологтардың кәсіби бейімділіктерін талдау негізінде пациенттерге медициналық көмек көрсетудің әртүрлі кезеңдерінде медициналық қоғамдастықтағы қарым-қатынастарды онтайландыру бойынша ұсыныстар әзірленді. Медицина әлеуметтануының сапалық әдістерін қолдану акушерлік көмек жүйесіндегі этикалық және құқықтық кайшылықтарды жіктеуге және олардың алдын алу және шешу бойынша ұсыныстар беруге мүмкіндік берді.

Ғылыми тағылымдамадан өту барысында Ахметова Ж.К. ғылыми-зерттеу саласы бойынша кәсіби дайындығын, білімін көрсетті және ғылыми-зерттеу процесін тиісті деңгейде ұйымдастыру, жоспарлау, талдау және жүзеге асыру дағдыларын көрсетті.

Докторант Ж.К. Ахметованың ғылыми кеңесшісі ретінде, өз бетімен тамаша жұмыс жасаған, тамаша зерттеуші және оның жұмысының PhD дәрежесіне лайық екеніне күмәнім жоқ. Ол денсаулық сақтауды ұйымдастыру бойынша әлемдік деңгейдегі зерттеулер жүргізді.

Талапкердің жеке қасиеттері, оның зерттеу саласындағы құзыреттілігі, жұмыстың жаңаңыры мен тәжірибелік маңыздылығы, автордың алынған нәтижелерге қосқан жеке үлесі үшін Ж.К. Ахметовага «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге тілекtespiн.

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**Медицина және денсаулық сақтау факультеті**  
**ЖММ, клиникалық пәндер**  
**кафедрасының доценті, м.ғ.к.**

**Сармулдаева Ш.К.**

